

Ә.А. Нұсқабай¹ , Б.Б. Бесетаев^{2*} 

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: besetayev.b@kaznu.kz

ҮЛКЕН ҚАҚПАҚ ҚОРЫМЫНДАҒЫ КӨНЕ ТҮРКІЛІК ҒҰРЫПТЫҚ ҚОРШАУЛАР

Мақала Жетісудың солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан Үлкен Қақпақ қорымында зерттелген көне түркі кезеңіне тән ғұрыптық ескерткіштің мәліметтерін ғылыми айналымға енгізуге арналған. Зерттеу барысында археологияның кешенді барлау, қазба әдістері, ескерткіштің құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты кеңінен қолданылатын салыстырмалы-типологиялық әдіс, сонымен қатар табылған қыш ыдыстардың сынықтарына техникалық-технологиялық сараптама жүргізілді. Сараптама нәтижесінде қыш ыдыстардың сынықтарын үш топқа жіктеп, жасалу технологиясына үлкен мән берілді. Қыш ыдысқа жасалған сараптама бинокулярлық микроскопия әдістері негізінде жүргізіліп, қыш ыдысты жасаудың негізгі үш кезеңі арқылы жіктелді. Зерттелген ғұрыптық қоршаулар қорымда ретсіз орналасқан жерлеу орындарымен бірге тұтас кешен болып табылады. Ғұрыптық қоршауларды зерттеу барысында қыш ыдыс сынықтары ғана табылғанына қарамастан, қоршаулардың құрылымдық ерекшеліктерін негізге ала отырып және бұрын көршілес аймақтарда зерттелген қоршаулармен салыстыра қарастыру арқылы ерте ортағасырларға тән ескерткіш екенін нақты айта аламыз. № 1 ғұрыптық қоршаудың солтүстік қабырғасының сырт жағында орнатылған баған тастың жоғарғы бөлігінің арнайы өңделуі үлкен қызығушылық тудырады. Ғұрыптық қоршау осы өңірге ислам діні кірген уақытта көне түркі тайпалық одақтарының исламға дейінгі діни әдет-ғұрыптарын ұстанушылардың жасырын жағдайда жасаған ескерткіші болуы мүмкін.

Үлкен Қақпақ қорымында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде Түркі қағанаттарының орталығы болған Жетісу өлкесінің ерте ортағасырлық ғұрыптық ескерткіштері жайында көптеген деректер алынды. Сонымен қатар көне түркі кезеңінің ғұрыптық сенімдері мен дүниетанымына қатысты материалдар жинақталды. Авторлар ескерткішті VIII–IX ғ. деп мерзімдейді.

Түйін сөздер: Жетісу, Батыс Түркі қағанаты, археология, ерте ортағасыр, көне түркі кезеңі, Үлкен Қақпақ, ғұрыптық қоршау, қыш, баған тас.

A.A. Nuskabay¹, B.B. Besetayev^{2*}

¹L.N. Gumilev Eurasian National University, Kazakhstan, Astana

²Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: besetayev.b@kaznu.kz

Ancient Turkic ritual fences on the burial ground Ulken Kakpak

The article is devoted to the introduction into scientific circulation of information about the ritual monument of the ancient Turkic time, studied at the Ulken Kakpak burial ground, located in the north-eastern part of Zhetysu. In the course of the study, complex archaeological exploration and excavation works were carried out, in connection with the structural features of the monument, a widely used comparative typological method was used, and a technical and technological analysis of the fragments of ceramic dishes found was carried out. The analysis of ceramic tableware was carried out on the basis of binocular microscopy methods and was classified according to three main stages of the manufacture of ceramic tableware. The studied ritual fences represent a whole complex with burials randomly located in one burial ground. Despite the fact that only fragments of ceramic ware were found during the study of ritual fences, based on the design features of the fences and comparing them with those previously studied in neighboring regions, we can say that the monument dates back to the early Middle Ages. Of particular interest is the special treatment of the upper part of the stele, installed on the outside of the northern wall of fence no. 1. The ritual fence can be built by followers of ancient Turkic beliefs during the penetration of Islam into this region.

During the archaeological excavations at the Ulken Kakpak burial ground, located in Zhetysu, which was the center of the Turkic khaganates, many sources were obtained for the study of early medieval

ritual monuments. Among other things, materials were collected concerning the ritual beliefs and world-view of the ancient Turkic time. The monument is dated by the authors of the VIII–IX centuries.

Key words: Zhetysu, Western Turkic Khaganate, archaeology, early Middle Ages, ancient Turkic period, Ulken Kakpak, ritual fence, ceramics, stele.

А.А. Нұсқабай¹, Б.Б. Бесетаев^{2*}

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: besetayev.b@kaznu.kz

Древнетюркские ритуальные ограды на могильнике Улкен Какпак

Статья посвящена введению в научный оборот сведений о ритуальном памятнике древнетюркского времени, исследованном на могильнике Улкен Какпак, расположенном в северо-восточной части Жетысу. В ходе исследования были проведены комплексные археологические разведочные и раскопочные работы, в связи с конструктивными особенностями памятника применялся широко используемый сравнительно-типологический метод, а также осуществлен технико-технологический анализ найденных фрагментов керамической посуды. По результатам анализа фрагменты керамической посуды были разделены на три группы. Особое внимание было уделено технологии изготовления. Керамическая посуда анализировалась на основе методов бинокулярной микроскопии и классифицировалась по трем основным этапам изготовления. Исследованные ритуальные ограды представляют собой целый комплекс с захоронениями, хаотично расположенными в одном могильнике. Несмотря на то, что при изучении ритуальных оград были обнаружены только фрагменты керамической посуды, исходя из конструктивных особенностей ограждений и сопоставления их с ранее исследованными в сопредельных регионах, можно сказать, что памятник датируется ранним средневековьем. Особый интерес представляет специальная обработка верхней части стелы, установленная с внешней стороны северной стенки ограды № 1. Ритуальная ограда может быть сооружена последователями древнетюркских верований во время проникновения ислама в этот регион.

В ходе археологических раскопок на могильнике Улкен Какпак, расположенном в Жетысу, который был центром Тюркских каганатов, было получено множество источников по изучению раннесредневековых ритуальных памятников. В том числе были собраны материалы, касающиеся обрядовых верований и мировоззрения древнетюркского времени. Памятник датируется авторами VIII–IX вв.

Ключевые слова: Жетысу, Западно-Тюркский каганат, археология, раннее средневековье, древнетюркский период, Улкен Какпак, ритуальная ограда, керамика, стела.

Кіріспе

Еуразия даласына кең қанат жайған байырғы түркі тайпаларының жасап қалдырған мұраларының бірі – тас мүсіндер орнатылған ғұрыптық қоршаулар. Ғұрыптық қоршауларда орнатылған тас мүсіндер қоршаудың құрамдас бір бөлігі. Дегенмен, кейінгі уақыттарға дейін қоршауларды зерттеуге көңіл бөлінбей, тек мүсіндерді зерттеуге көп көңіл бөлініп келген. Бүгінгі таңда көне түркі кезеңіне тән ғұрыптық қоршауларды зерттеу ғалымдардың алдындағы өзекті мәселелердің қатарында. Ғұрыптық қоршаулар құрылымдық ерекшеліктеріне қарай бірнеше нұсқалық үлгіде болуымен қызықты. Жеке орналасқан, жұптаса орналасқан және ұжымдық қоршаулардың тізбектеле орналасқан үлгілері бар. Ғұрыптық қоршаулардан заттай деректер көп табылмайды.

Ерте ортағасырларда Жетісу өңірі Батыс Түркі қағанатының орталығы болған. Қағанаттың негізін қалаған түркі тайпаларының тарихын зерттеуде нақты деректер болып табылатын археологиялық ескерткіштер аталмыш өңірде көптеп кездеседі, дегенмен, олардың нақты зерттелгендері олар туралы нақты ғылыми пікірлер айтуға жеткіліксіз деңгейде болуы түркі кезеңінің археологиялық ескерткіштерін зерттеуге негіз болды (Tulegenov, Besetayev, Khassenova, 2021: 129). Өңірдегі көне түркі кезеңінің ескерткіштерін зерттеу сол кезеңдегі этномәдени үрдістерді нақты зерттеуге, сонымен бірге, деректер базасын жинақтауға мүмкіндік береді.

Жетісу территориясындағы көне түркілерінің ата-бабаларын еске алу, ас беру салтында ғұрыптық қоршаулардың алатын орны ерекше, жалпақ тақта тастарды қырынан қою арқылы

жасалған қоршаулардың ішінде аруақтарды еске алу жоралғылары жасалған. Жоғарыда айтып өткеніміздей, қарастырылып отырған өңірде ғұрыптық ескерткіштердің құрамдас бөлігі тас мүсіндер біршама жақсы зерттелген, ал ғұрыптық қоршауларды зерттеуге көп көңіл бөлінбей келген. XIX ғ. аяғы – XX ғ. ортасындағы зерттеу еңбектерінде ғалымдардың тас мүсіндердің жанында қоршаулардың бар екендігін сипаттаған мәліметтер кездеседі (Пантусов, 1900; Археология..., 2011; Бахтыбаев, 2008: 100–106).


Материалдар мен әдістер

Дерек көзі ретінде көне түркілік ғұрыптық қоршауларға жүргізілген қазба барысында жинақталған материалдар алынды. Зерттеу әдістерінің қатарында археологиялық барлау және қазба әдістері қолданылады. Сонымен қатар, жұмыс тарихилық және объективтілік принциптері негізге алынып жүргізілді. Ерте ортағасырлық кезеңге тән ғұрыптық ескерткіштерді сол кезеңдегі рухани және материалдық құндылықтардың қалыптасу тарихына қатысты дерек көздерін салыстырмалы түрде зерделеу және жазба деректердегі мәліметтерді пайдалана отырып зерттеу барысында дәстүрлі археологиялық әдістеріге

жататын картография, планиграфия және стратиграфиялық бақылаулар, табылған олжалар кешенінің жіктелуі, аналогия әдісі, формальды салыстырмалы-типологиялық талдау, статистика элементтері мен әдістері, ретроспективті әдістер кешені арқылы жүзеге асады. Орта Азия кеңістігіндегі байырғы түркілердің діни және дүниетанымдық құндылықтарын теориялық тұрғыда зерттеуде ғұрыптық қоршаулардың материалдарын кеңінен қолданылды.

Ескерткіштің сипаттамасы

Ерте ортағасырлық кезеңге тән ғұрыптық қоршаулар 2014 жылы Жетісу өңіріне жүргізілген археологиялық барлау жұмыстары нәтижесінде Үлкен Қақпақ қорымынан табылған археологиялық ескерткіш болып табылады (Нурмуханбетов, Джасыбаев, Тулегенов, 2014: 38). Ғұрыптық қоршаулар мен жерлеу орындары Алматы облысы, Райымбек ауданы, Қақпақ ауылынан оңтүстікке қарай 9 шақырым жерде Үлкен Қақпақ өзенінің сол жағалауындағы террасада шоғырлана орналасқан (1-сурет). Тізбектелген қоршаулардың оңтүстігінде шамамен 15 м қашықтықта диаметрі 6–8 м аралығын қамтитын төрт оба ретсіз қалыпта орналасқан.



1-сурет – Үлкен Қақпақ қорымының картадағы орналасуы

2015 жылғы далалық жазғы маусымда «Қазақ даласындағы сақ-савроматтардың мәдени көкжиегі: тарихи диахрониядағы өзара мәдени байланыстар мәселелерін зерттеу» атты ҚР БҒМ Ғылым комитетінің гранттық жобасы (жоба жетекшісі: А. Оңғарұлы) аясында Қарқара отрядының бір тобы Үлкен Қақпақ қорымындағы байырғы түркі дәуірінің мұрасы ғұрыптық қоршауларға археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Ғұрыптық қоршаулар бір-біріне жақын, шығыстан батысқа қарай тізбектеле орналасқан. Қазба жұмыстарына дейін қоршаулардың қабырғасына тігінен орнатылған жалпақ тақта тастардың және бағана тастың жоғарғы бөліктері ғана көрініп жатты. Археологиялық қазба жұмыстары ескерткіштің шым қабатын тазалау жұмыстарынан басталды. Қоршаулар тізбегінің шығыс шетіндегі қоршау № 1, ал батыс жағындағы қоршау № 2 деп белгіленді. Қоршаулар тізбегіне жүргізілген археологиялық қазбаның жалпы көлемі: 10×7 м аумақты қамтыды (2-сурет).

№ 1 ғұрыптық қоршаудың өлшемі: 3,3×3,8 м. Ғұрыптық қоршаудың солтүстік қабырғасының сырт жағында бағана тас (стелла) орнатылған. Бағана тастың жалпы ұзындығы 1 м, ені 0,3 м. Ғұрыптық қоршаудың алдына орнатылған бағана тастың жер бетіне шығып тұрған ұзындығы 0,5 м. Бағана тастың жоғарғы жағы арнайы өңделіп, сары-коңыр түсті сұйықтық жағылған

тәрізді. Атап айтқанда, тастың төбесі жаңқалау тәсілімен өңделген және тарақтың іздері тәріздес тарам-тарам жолақтар бары байқалады. Ғұрыптық қоршаудың қабырғалары ұзындығы 0,8 м, биіктігі 0,4 м, қалыңдығы 0,1 м болатын жалпақ тастардан тұрғызылған. № 1 ғұрыптық қоршаудың шығыс жақ қабырғасына орнатылған төрт жалпақ тас өз орнында сақталған. Оңтүстік қабырғасында да төрт жалпақ тас сақталғаны анықталды. Батыс жақ қабырғасына бес жалпақ тас орнатылған және өз орнында сақталған. Солтүстік қабырғасында үш жалпақ тас сақталғаны және қабырғаға қойылған тастардың өз орнында болмағаны анықталды. Қоршаудың іші ірілі-ұсақты жұмыр тастармен толтырылған. Қоршаудың қабырғаларына қойылған жалпақ тақта тастардың барлығы сыртқа қарай шалқайғаны байқалады. Қоршау ішіне толтырылған тастардың салмағы ығыстырған болуы мүмкін. Қоршаудың шым қабатын тазалау барысында қоршаудың орталық бөлігінен, жұмыр тастардың арасынан ірі қара малының жамбас сүйектерінің кейбір бөліктері табылды. Қоршаудың шым қабаты тазаланғаннан кейін, жоспары сызылды және фотосуретке түсірілді. Ғұрыптық қоршаудың ішіне толтырылған жұмыр тастар толықтай алынып зерттеу жұмыстары жүргізілді. Жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде қоршаудан заттай деректер табылмады.



2-сурет – Үлкен Қақпақ қорымы. № 1 және № 2 ғұрыптық қоршаулар

№ 2 ғұрыптық қоршаудың көлемі: 3,5×4 м. Қазба жұмыстарына дейін ғұрыптық қоршаудың оңтүстік-шығыс бөлігінде ұзындығы 1,4 м, ені 0,4 м болатын бағана тас құлаған қалпында жатты. Ғұрыптық қоршаудың қабырғаларына тігінен тұрғызылған жалпақ тастардың ең үлкенінің көлемі – 1×0,5×0,15 м шамасында. Ғұрыптық қоршаудың шығыс жақ қабырғасына бес жалпақ тас қойылған және олар өз орнында сақталған. Оңтүстік қабырғасына қойылған бес жалпақ тастар да өз орнында сақталған. Батыс жақ қабырғасында бір ғана жалпақ тас сақталып қалғаны және қабырғаға қойылған қалған тастардың өз орнынан алынып тасталғаны анықталды. Ғұрыптық қоршаудың солтүстік жақ қабырғасына орнатқан үш жалпақ тас ғана өз орнында сақталған. Қоршаудың іші ірілі-ұсақты жұмыр тастармен толтырылған. Қоршау ішіне толтырылған тастардың салмағынан қоршау қабырғаларына қойылған жалпақ тастар сыртқа қарай шалқайып қисайғаны байқалады. Қоршаулардың шым қабатын тазалау барысында № 2 қоршаудың оңтүстік қабырғасының шығыс бұрышының сырт жағында қыш ыдыс сынықтарының фрагменттері табылды.

Шым қабаты тазаланғаннан кейін қоршаудың сызбалық жоспары жасалынды және фотосуретке түсірілді. Ғұрыптық қоршаудың ішіне қандайда бір заттардың қойылған немесе қойылмағанын тексеру мақсатында қоршаудың ішіне толтырылған жұмыр тастар толықтай алынды. Нәтижесінде ежелгі жер қабаты деңгейінде ұзындығы 1,2 м, ені 0,5 м болатын тас қаландының орны анықталды. Тас қаланды қабір шұңқырын пішініне ұқсас болғанымен қазба барысында ол жерде қабір шұңқыры болған деп айтуға болатындай ешқандай дәйек болмай шықты. Қоршау ішіне толтырылған тастардың астынан қабір шұңқырына ұқсас пішіндегі тас қаландының болуының өзі ескерткіштің өзіндік ерекшелігін көрсетеді.

Техникалық-технологиялық сараптама

Қыш ыдыс сынықтарын Ж.С. Қалиева Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің археологиялық материалдарды алғашқы өңдеу зертханасында өңдеді. Қыш ыдыстың сынған 16 бөлшектеріне зерттеу жүргізілді. Зерттеу барысында бөлшектерді фотосуретке түсіру, фото-материалды өңдеу, құрастырумен байланысты іздерді микроскоп арқылы макрофотүсірілім, ою-өрнек, оны жағу тәсілдері, бетін өңдеу, бастапқы пластикалық шикізаттың ерекшеліктері және

т.б., керамиканы техникалық-технологиялық зерттеу әдістері қолданылды. Сараптама А.А. Бобринскийдің әзірлеген және бинокулярлық микроскопия, трасология және физикалық модельдеуге негізделген ежелгі қыш ыдысты зерттеудегі тарихи-мәдени тәсіл аясында жүзеге асырылады (Бобринский, 1978).

Алдын ала тексеру және бинокулярлық микроскопия негізінде қалыптаудың және бетті өңдеудің сақталған іздері бар үлгілер, сондай-ақ қуыс денені салу кезінде таспалардың адгезиясы тіркелді. Қыш ыдыстарды талдау келесі кезеңдер бойынша бөлінді: 1 кезең – дайындық, анықтау (шикізатты іріктеу, өндіру, өңдеу, қалыптау); 2 кезең – шығармашылық (құрылымдық жобалау, қуыстау, пішін беру, ыдыстың бетін өңдеу); 3 кезең – бекіту (ыдысқа беріктік беру, ылғал өткізгіштігін жою принциптері, пішіндік бөліктерді жасау және өрнек салу).

Қыш ыдыс фрагменттерін зерттеуші құрылымдық ерекшеліктерін ескере отырып үш топқа жіктейді: 1 топқа екі қыш ыдыстың сынығы, көлемдері 2 см ден 6 см дейін, қабырғасының қалыңдығы 7–8 мм (3, 1-сурет). Ыдыстарының құрамында саз, көлемдері 1–2 мм болатын тығыз кварц, органикалық майлы қоспалармен жылтыратқан. Ыдыстың сыртын жұқа тұзды қабықшамен қаптаған. Өрнек салынбаған. Алаулы отта күйдерілген. 2 топқа екі ыдыстың сынығы, көлемдері 4 см ден 6 см дейін, қабырғасының қалыңдығы 1 см (3, 2-сурет). Саз, көлемдері 1–2 мм болатын кварц, 0,1–0,2 мм көлемдегі слюда, органикалық заттар, күйдірілген аморфты заттар 2–3 мм. Ыдыстың беті қатты затпен тегістелген. Фрагменттің ішкі жағы сұр, сырты қоңырқай түстес. Өрнектелмеген. Бейтарап алауда күйдірілген. 3 топқа қалған он екі қыш ыдыстың сынықтарын жатқызады. Олардың көлемдері 2 см ден 6 см дейін, қалыңдығы 5–6 мм (3, 3-сурет). Қыш ыдыстың құрамы саз, көлемдері 1–2 мм болатын домалақтанған кварц, 1 мм көлемдегі малтатас, органикалық заттар, күйдірілген аморфты заттар 2–3 мм. Ыдыстың бетін шөппен тегістеген іздері бар, күйенің іздері де байқалады. Алаулы отта күйдірілген. Арнайы өрнек салынбаған.


Талдау

Ерте ортағасырлық тән ғұрыптық қоршаулар Қазақстан аумағында салыстырмалы түрде аз зерттелген, сол себепті көршілес аймақтарда және байырғы түркі тайпаларының қоныс тепкен аумақтарында зерттелген

ескерткіштерден алынған материалдарды салыстырып қарастыруға тура келіп отыр. Таулы Алтай аумағындағы көне түркі тайпаларының ғұрыптық қоршауларының құрылымдық ерекшеліктері В.Д. Кубаревтың еңбегінде жіктелген. Ғалым Алтайда зерттелген көне түркі тайпаларының ғұрыптық қоршауларын негізгі бес типке бөлген: кудыргелік, яконурлық, аютиндық, юстыдтық және уландырықтық (Кубарев, 1979: 148). Үлкен Қақпақ жайлауының аумағында орналасқан түркі тайпаларының ғұрыптық қоршаулары орналасу реті бойынша кудырге типіне жататын қоршауларға ұқсас. Бірақ, ортақ қабырғалары бар қоршаулар бұл аумақта кездеспеді.

Көне түркі кезеңінің ғұрыптық қоршауларына жүргізілген қазба жұмыстары нәтиже-

сінде заттай жәдігерлер табылмағанына қарамастан, бұл бағыттағы зерттеулердің ғылыми маңыздылығы зор. Осы типтес ескерткіштерді зерттеу нәтижесінде олардың құрылымдық ерекшеліктері анықталады және ғұрыптық жоралғыларға қатысты мәліметтер жинақталады. Мәселен, тізбектеле орналасқан қоршаулардың ортасында баған тастың орнатылуын рулық ағаш (дінгек) түсінігімен байланыс барын зерттеушілер атап өтеді (Мотов, 2001: 145). Ғұрыптық қоршаулардың ішіне толтырылған ірілі-ұсақты тастарда арнайы дәстүрдің орын алуымен толтырылған. Қазақ халқында мәйітті жерлеу кезінде қабірге уыстап топырақ салу ғұрпы сақталған. Көне түркі дәуірінде қайтқан адамды еске алу салтына жиылған қауым ғұрыптық қоршауға тас салған болуы мүмкін.



3-сурет – Қыш ыдыстардың сынған бөліктері (техникалық-технологиялық сараптама)

Ішкі Тянь-Шаньда зерттелген ғұрыптық қоршауларда баған тас және тас мүсін қоршаудың батыс және солтүстік-батыс жақ қабырғасының сыртына орнатылған. Үлкен Қақпақта зерттелген ғұрыптық қоршауда да баған тас қоршаудың солтүстік қабырғасының сыртына орнатылған. Ішкі Тянь-Шань ғұрыптық қоршауларында балбал тастар тізбегі және әйел мүсіндері кездеспейді (Москалев, Табалдиев, Митько, 1996: 70–82). Басқа өңірлерде зерттелген ғұрыптық қоршауларда тас мүсін немесе баған тас көп жағдайда қоршаудың шығыс қабырғасының сыртына орнатылған (Төлегенов, Оралбай, Бесетаев: 41–44). Ал Үлкен Қақпақ жайлауында зерттелген қоршауда баған тас қоршаудың солтүстік қабырғасының сыртына орнатылған. Осындай заңдылық Мерке ғибадатханасындағы Аралтөбе I ғұрыптық қоршауында байқалады. Ондағы ғұрыптық қоршаулардың солтүстік-батыс қабырғасының сыртына баған тас орнатылған (Досымбаева, 2002: 42–44). Осы құрылымдық ұқсастық тайпалар арасындағы рухани байланысты көрсетуі мүмкін.

Қорытынды

Ғұрыптық қоршауларға жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде Жетісу өңірінде ерте ортағасырларда өмір сүрген көне түркі тайпаларының мәдени мұраларына

қатысты тың мәліметтер алынды. Батыс Түрік қағанаты халқының негізін құраған көне түркі тайпаларының рухани мәдениетінің материалдық көрінісі болып табылатын археологиялық ескерткіштерді зерттеу олардың діни және дүниетанымдық көзқарастарының өзге аймақтармен ұқсастығын немесе ерекшелігін салыстырып зерттеуге нақты деректер болып табылады. Ғұрыптық қоршаулардың архитектуралық құрылымын басқа аймақтарда зерттелген көне түркі кезеңінің ғұрыптық қоршауларымен салыстыра зерттеу сол кезеңдегі этномәдени үрдістерді зерделеуге негіз болады. Басқа өңірлерде зерттелген ғұрыптық қоршаулар тізбегі оңтүстіктен солтүстікке созыла орналасуы ескерткіштердің басым бөлігінде сақталуы ғибадат ескерткіштерін жасауда сол кезеңде қалыптасқан заңдылық тәрізді. Ал біз зерттеген ғұрыптық қоршаулар тізбегі шығыстан батысқа созыла орналасқан. Өзге өңірлерде зерттелген ғұрыптық қоршауларда қоршаудың шығыс жағына тас мүсін орнатылған болса, Үлкен Қақпақ ғұрыптық қоршауының солтүстік қабырғасының алдына төбесі жону тәсілімен өңделген бағана тас орнатылған.

Ескерткіштің құрылымдық ерекшеліктерін салыстыра зерттеу нәтижесінде ескерткіш шамамен VIII–IX ғасырлар аралығындағы ескерткіш болуы мүмкін деуге негіз бар.

Мақала ЖТН: AP13068420 және AP09261115 ғылыми жобалары аясында орындалды.

Әдебиеттер

- Археология Семирежья. (2011). 1857-1912 гг.: Сборник документов и материалов / Сост. И.М. Самигулин. Алматы: Изд-во «ЛЕМ». 664 с.
- Бахтыбаев М.М. (2008). Исследовательская деятельность Н.Н. Пантусова в Семирежье // Материалы за IV международна практична конференция «Образование и наука на 21 от век – 2008». (17–25 октомври, 2008 г., г. София). Т. 7: Закон, история. София: «Бял ГРАД БГ» ООД. С. 100–106.
- Бобринский А.А. (1978). Гончарство Восточной Европы. М.: Наука. 275 с.
- Досымбаева А.М. (2002). Мерке – сакральная земля тюрков Жетысу. Тараз: «Сеним». 107 с.
- Кубарев В.Д. (1979). Новые сведения о древнетюркских оградках Восточного Алтая // Новое в археологии Сибири и Дальнего Востока. Новосибирск: Наука. С. 135–160.
- Москалев М.И., Табалдиев К.Ш., Митько О.А. (1996). Культура средневекового населения Внутреннего Тянь-Шаня и сравнительный анализ с сопредельными регионами Центральной Азии. Бишкек: Фонд Сороса Кыргызстан. 259 с.
- Мотов Ю.А. (2001). Раннесредневековые каменные оградки урочища Момбай-сазы // История и археология Семирежья. Вып. 2. Алматы: «Родничок». С. 142–149.
- Нумуханбетов Б.Н., Джасыбаев Е.А., Тулегенов Т.Ж. (2014). Отчет о научно-исследовательской работе за 2014 г. Архив Государственного историко-культурного заповедника-музея «Иссык». Ф. без номера. Оп. 1. Д. 97. 40 с.
- Пантусов Н.Н. (1900). Алтын-Эмельская волость Капальского уезда // Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии (1899-1900). Год V. Ташкент: типо-литогр. торг. дома Ф. и Г. Бр. Каменские. С. 19–25.
- Төлегенов Е.Т., Оралбай Е.Қ., Бесетаев Б.Б. (2009). Сарыкөл ескерткіштеріндегі жаңа зерттеулер (семантикасы мен интерпритациясы) // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдарының «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыруға қосқан үлесі: жетістіктері және даму бағыттары атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 27 ақпан, 2009 жыл, Алматы қ. / Бас. ред.: Ә.Т. Төлеубаев, Қ.М. Атабаев. Алматы: Қазақ университеті. Б. 41–44.

Tulegenov T., Besetayev B., Khassenova B. (2021). New data on the culture of the ancient Turks of Zhetysu. *Kazakhstan Archeology*, no. 4 (14), p. 121–133.

References

Arkheologiya Semirechiya. (2011). 1857-1912 gg. Sbornik dokumentov i materialov [Archeology of Semirechye. 1857-1912 Collection of documents and materials]. Comp. I.M. Samigulin. Almaty: 'LEM' Publ. 664 p.

Bakhtybayev M.M. (2008). Issledovatel'skaya deyatel'nost' N.N. Pantusova v Semirech'e [Research activity of N.N. Pantusov in Semirechye]. In: Materiali za IV mezhdunarodna praktichna konferentsiya 'Obrazovanie i nauka na 21 ot vek – 2008' [Material for the IV International practical conference 'Education and Science for the 21st century – 2008']. (17–25 October, 2008, Sofia). Vol. 7: law, history. Sofia: 'Byal GRAD BG' OOD. P. 100–106.

Bobrinskii A.A., 1978. Goncharstvo Vostochnoi Evropy [Pottery of Eastern Europe]. Moscow: Nauka. 275 p.

Dosymbayeva A.M., 2002. Merke – sakral'naya zemlya tyurkov Zhetysu [Merke – the sacred land of the Zhetysu Turks]. Taraz: 'Senim' Publ. 107 p.

Kubarev V.D., 1979. Novye svedeniya o drevnyuryrskikh ogradkakh Vostochnogo Altaya [New information about the ancient Turkic fences of the Eastern Altai]. In: Novoe v arkheologii Sibiri i Dal'nego Vostoka [New in the archaeology of Siberia and the Far East]. Novosibirsk: Nauka. P. 135–160.

Moskalev M.I., Tabaldiev K.Sh., Mit'ko O.A., 1996. Kul'tura srednevekovogo naseleniya Vnutrennego Tyan'-Shanya i sravnitel'nyi analiz s sopredel'nymi regionami Tsentral'noi Azii [The culture of the medieval population of the Inner Tien Shan and comparative analysis with neighboring regions of Central Asia]. Bishkek: Soros Foundation Kyrgyzstan. 259 p.

Motov Yu.A., 2001. Rannesrednekovye kamennye ogradki urochisha Mombai-sazy [Early medieval stone fences of the Mombai-sazy tract]. In: Istoriya i arkheologiya Semirechiya [History and archeology of Zhetysu]. Vol. 2. Almaty: 'Rodnichek' Publ. P. 142–149.

Nurmukhanbetov B.N., Dzhasybayev E.A., Tulegenov T.Zh. (2014). Otchet o nauchno-issledovatel'skoi rabote za 2014 g. [Research Report for 2014]. Arkhiv Gosudarstvennogo istoriko-kul'turnogo zapovednika-muzeya 'Issyk'. F. without a number. Inv. 1. Case. no. 97. 40 p.

Pantusov N.N. (1900). Altyn-Emal'skaya volost' Kapal'skokgo uezda [Altyn-Emel rural municipality of the Kapal]. Protokoly Turkestanskogo kruzhka lyubitelei arkheologii (1899-1900). V. Tashkent: printing and lithography of the trading house of F. and G. Kamensky. P. 19–25.

Tolegenov E.T., Oralbay E.K., Besetayev B.B. (2009). Sarykol eskertkisherindegi zhana zertteuler (semantikasy men interpretatsiyasy) [New research of Sarykol monuments (semantics and interpretation)]. In: Al-Farabi atyndagy KazUU galymdarynyn 'Madeni mura' bagdarlamasyn iske asyruga koskan ulesi: zhetistikteri zhane damu bagyttary atty khalykaralyk galymi-praktikalyk konferentsiya materialdary [Materials of the international scientific and practical conference 'Contribution of scientists of Al-Farabi Kazakh National University to the implementation of the program 'Cultural Heritage': achievements and directions of development']. 20 February, 2009, Almaty. Ed.: A.T. Toleubayev, K.M. Atabayev. Almaty: Al-Farabi Kazakh National University. P. 41–44.

Tulegenov T., Besetayev B., Khassenova B. (2021). New data on the culture of the ancient Turks of Zhetysu. *Kazakhstan Archeology*, no. 4 (14), p. 121–133.